

МЕКТЕПТІ КІМ КҮЗЕТЕДІ?

4-БЕТ | ҚОҒАМ



ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ

5-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



НИЗАМИ МЕН АППАҚ – САХНАДА

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Енді мәдениет саласын қолдау – мемлекеттің конституциялық міндеті. Қазір бұл бағытта ауқымды шаруа жасалып жатыр. Мен Мемлекет басшысы ретінде ұлт руханиятына адал қызмет етіп жүрген мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше мән беріп отырмын. Мәселен, соңғы бес жылда олардың жалақысы екі есе ұлғайды. Биылдан бастап өнерпаздарға берілетін мемлекеттік стипендия көлемі екі есе өседі.

№60
(4958)
Сенбі
23 мамыр
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



LRT ТИІМДІ КӨЛІККЕ АЙНАЛАДЫ

Елордада іске қосылған LRT жүйесі қаладағы көлік ағынына оң әсер ете бастады. Қазір жеңіл рельсті көлікпен жүрушілер саны артып отыр. Күніне 60-70 мың адам LRT қызметін пайдаланады.

«Биыл LRT-ның екінші кезеңін Қосшы қаласына дейін создық. Егер осы қарқын сақталса, келесі жылдың соңына қарай Қосшыға дейін толық жеткіземіз. Қосшыдан күн сайын 20-25 мыңнан астам көлік қалаға кіреді. Сонымен қатар LRT-ны Сығанақ көшесімен Ш.Айтматов көшесіне дейін жеткіземіз. Ш.Айтматов көшесі бойымен екі бағытта жалғасады. Сондай-ақ Тұран даңғылы арқылы бұрылып, ескі вокзалға дейін барады. Жалпы үш кезең толық іске асса, LRT ұзындығы 100 шақырымға жетеді» деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Jibek joly телеарнасына берген сұхбатында.

3

БИЛЕТТЕР САТЫЛЫМЫ БАСТАЛДЫ

Бас қалада 29 шілде-9 тамыз аралығында өтетін «Болашақ ойындары 2026» (GOTF 2026) халықаралық турниріне билет сатылымы науқаны басталды.

Билеттерді онлайн сату 2026 жылдың 20 мамырынан бастап Freedom Ticketon платформасында жүзеге асырылады. «Болашақ ойындары» – фиджитал-спорт форматындағы халықаралық жарыстардың бірі. Ол дәстүрлі спорт пен цифрлық технологияларды біріктіреді. Астанада өтетін жарысқа 50-ден астам елден 800-ден аса спортшы қатысады деп күтіледі. Қатысушылар халықаралық клуб командаларының құрамында сынға түседі.

МӘДЕНИЕТ – МӘРТЕБЕЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ

Елдің мәдениеті мен өнері өркенді болса, сол елдің еңсесі де, рухы да биік болады. Өйткені халықтың дүниетанымы, рухани байлығы, салт-дәстүрі, тыныс-тіршілігі осы мәдениет деген мәртебелі ұғыммен астасып жатады. Сол елдік те, ұлттық та құндылығымызды ұлықтап жүрген мәдениет саласы қызметкерлерінің еңбегі ұшан-теңіз.

650 ОҚУШЫ «АЛТЫН БЕЛГІГЕ» ҮМІТКЕР

Алдағы дүйсенбі, 25 мамыр күні 2025-2026 оқу жылы ресми түрде аяқталып, түлектер үшін соңғы қоңырау соғылады.

Астана қаласы Білім басқармасының мәліметінше, биыл астаналық мектептерден 9-сыныпты 24 мыңнан астам, 11-сыныпты 16 мыңнан астам түлек аяқтайды. Үздік шыққан оқушылар да аз емес. Атап айтқанда, 1202 оқушы үздік аттестатқа, 650 оқушы «Алтын белгіге» үміткер атанып отыр. Ал жаңа оқу жылына 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау 27 мамырда басталады. Сондай-ақ 242 мыңнан астам бала түрлі демалыс және жұмыспен қамту іс-шараларына тартылады.



№60 (4958) 23/05/2026 Сенбі



ҚАЗАҚ – ӨНЕРДІҢ КИЕСІН ҰҒАТЫН ЖҰРТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөз сөйледі. Президент, ең алдымен, салтанатты іс-шараға қатысушыларды Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен құттықтады.

«ҰЛТТЫҚ» МӘРТЕБЕ БЕРІЛСЕ...

«Бұл – еліміз үшін мән-маңызы айрықша мереке. Мәдениет халқымыздың ұлттық болмысы мен рухани дербестігінің арқауы екенін бәріміз жақсы білеміз. Мәдени және рухани дүниесін сақтай білген елдің мәртебесі биік, мерейі үстем болары айқын. Сіздер осы игі мақсат жолында табанды жұмыс істеп келесіздер. Қоғамымыз бұл еңбекті жоғары бағалайды. Мен кәсіби мереке күні еліміздегі барша мәдениет және өнер саласы мамандарына шынайы алғысымды білдіремін! Қазақ – өнердің киесін ұғатын, өнерпаздың қадірін білетін жұрт. Біз ерекше дарын иелеріне әрдайым лайықты құрмет көрсетеміз. Жұртымыз «Өнердің өрісі кең» деп сіздерді қашанда қадірлеген. Міне, бұл жиын да соның бір көрінісі. Шын мәнінде, руханияты бай елдің ойы озық, болашағы жарқын болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанда ауқымды өзгерістер болып жатқанын айтты.

«Бұл жай ғана өзгерістер емес: еліміздің болашағына тікелей қатысы бар, мағынасы ауқымды, терең, кешенді, жүйелі реформалар жасалуда. Мақсатымыз – Отанымызды күшті, озық мемлекет ретінде дамыту, сондай-ақ, дарынды, отаншыл, жігерлі және көзі ашық, көкірегі ояу жастардың өмір жолын ашып беру. Наурыз айында бәріміз бір ел, бір халық болып конституциялық реформаға бірауыздан қолдау көрсеттік. Ортақ іске мәдениет саласының мамандары мен өнер қайраткерлері де белсене атсалысты. Саяси науқан кезінде халқымыз еліміздің жарқын болашағына үлкен сеніммен қарап, тарихи таңдауын жасады. Осылайша, жаңа Конституциямыз тұғырына қонды. Расында, бұл Қазақстанның келешегін айқындайтын маңызды шешім болғаны анық. Ата заң – ел тәуелсіздігі мен мемлекеттігінің мызғымас кепілі, халқымыз жүріп келе жатқан жолдың басты темірқазығы. Конституцияда ұлтымыздың мүддесі, мақсат-мұраты мен арман-тілегі айқын көрініс тапты. Ата заңға сәйкес еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау бұлжымас қағидат саналады» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияда тарихи-мәдени мұрамызды сақтау мәселесіне де баса назар аударылғанын жеткізді.

«Енді мәдениет саласын қолдау – мемлекеттің конституциялық міндеті. Қазір бұл бағытта ауқымды шаруа жасалып жатыр. Мен Мемлекет басшысы ретінде ұлт руханиятына адал қызмет етіп жүрген мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше мән беріп отырмын. Мәселен, соңғы бес жылда олардың жалақысы екі есе ұлғайды. Биылдан бастап өнерпаздарға берілетін мемлекеттік стипендия көлемі екі есе өседі. Тек былтырдың өзінде елімізде 61 мәдениет нысаны салынды. 250-ден астам мекемеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Өткен жылы Президент Жарлығымен үш бірдей мұражайға «Ұлттық» мәртебе берілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасын табады. Меніңше, Максим Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрына және Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияға «Ұлттық» мәртебе берілсе, орынды болар еді. Сондай-ақ Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театрына «Академиялық» мәртебе беру керек деп есептеймін. Аталған өнер ұжымдары тұтас еліміздің рухани мұрасын байытуға өлшеусіз үлес қосып келеді» деді Президент.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРАДЫ

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы дәстүрлі өнерді, әсіресе, жыр, терме, күй өнерін дамытуға ерекше мән беру қажет деп санайды.

«Төл өркениетіміздің осындай теңдессіз қазыналарын дәріптеп жүрген өнер адамдарына қолдау көрсету маңызды. Осы орайда, мен «Асыл мұра» ұлттық сыйлығын тағайындау туралы шешім қабылдайтын болдым. Бұл марапат дәстүрлі өнер өкілдерін қолдауға, олардың шығармашылығын насихаттауға, ұлттық өнердің беделін арттыруға ықпал етеді. Осы жоғары дәрежелі сыйлықпен тиісті министрліктің ұсынысы бойынша Мемлекет басшысының Жарлығымен лайықты өнер және мәдениет қайраткерлері марапатталады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, мәдениет пен өнер саласы ел өмірінің ажырамас бөлігі ретінде әрдайым мемлекет назарында болады.

«Еліміздің төл мәдениеті дүние жүзіне лайықты деңгейде танылып келеді. Халқымыз жақсы көретін әйгілі музыканттар, әншілер, актерлер, суретшілер, бишілер, креативті индустрия өкілдері және басқа да өнер шеберлері қазіргі қазақ руханиятының жарқын бет-бейнесіне айналды. Қазақстанның шетелде кеңінен танылған медиа жобасы – Silk Way Star халықаралық ән байқауы. Бұл – заманауи мәдени дипломатияның бір үлгісі. Еліміз халықаралық ұйымдармен ықпалдастықты айтарлықтай күшейтті. Ірі мәдени-ағарту жобалары белсенді түрде қолға алынып, ғылыми бастамалар көтерілуде. Бұл – сан қырлы қазақ мәдениетін насихаттау бағытындағы дұрыс әрі қажетті іс. Осы кездесуіміз маңызды күннің қарсаңында өтуде. Мұның символдық мәні зор. 1992 жылы 22 мамырда Қазақстан ЮНЕСКО-ның толық мүшесі атанды. Айтпақшы, осыдан 34 жыл бұрын, дәл сол күні министрдің орынбасары ретінде аталған беделді халықаралық ұйымның Париждегі штаб-пәтеріне барып, ЮНЕСКО-ның сол кездегі бас директоры Федерико Майормен бірге осы тарихи уақиғаға қатысты құжатқа қол қойған едім. Содан бері еліміздің жиырмаға жуық материалдық және материалдық емес мұрасы, соның ішінде Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО тізбелеріне енді. Бұл тізім алдағы уақытта ұлғая түседі. ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссия мен тиісті министрліктерге осындай міндет жүктелді» деді Мемлекет басшысы.



ВАНДАЛИЗМГЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮЫМЫЗ КЕРЕК

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қоғамдық сананы жаңғырту жөнінде пайымымен бөлісті.

«Біз ойы озық, өркениетті ел боламыз десек, ең алдымен қоғамдағы кез келген мәдениетсіз әрекетке, жабайы жүріс-тұрыс пен тұрпайы тағылыққа, яғни вандализмге түбегейлі тосқауыл қоюымыз керек. Өкінішке қарай, соңғы уақытта тарихи және мәдени нысандарға қасақана зиян келтіру жағдайлары жиілеп кетті. Мысалы, жақында ғана Маңғыстау облысының Ыбықты сай шатқалында болған оқиға бойынша тиісті өкілетті органдар қатаң құқықтық қорытынды шығаруы керек. Біз тұтас қоғам болып осындай заңсыз әрекеттерге үзілді-кесілді қарсы тұруымыз қажет. Заңды құрметтеу, табиғатты аялау, жауапкершілік, жасампаз патриотизм қағидаттары қоғамдық санада түбегейлі орнығуға тиіс. Бұл қасиеттер азаматтарымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың дүниетанымы кең, мінез-құлқы дұрыс адам ретінде қалыптасуына негіз болуы керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ БОЛУДЫҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

Президент қоғамда кітап оқу мәдениетін насихаттау туралы ой қозғап, мемлекеттің осы бағытта қолға алған бастамалары жөнінде айтты.

«Кітап оқу өркениетті қоғам құрып, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы деп айтсақ, артық болмайды. Сондықтан біз ел ішінде, әсіресе, жастар арасында кітап оқу мәдениетін кеңінен дәріптеуіміз керек. Мен өткен аптада Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Осы маңызды құжаттың негізгі мақсаты – ұлт сапасын арттыру, яғни адам капиталын дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту. Үкіметке осы бағыттар бойынша нақты шараларды іске асыруды, соның ішінде кітапхана және кітап шығару ісін заң тұрғысынан қамтамасыз етуді тапсырамын. Сонымен қатар «Зерделі ұлт» тұжырымдамасы бекітіледі, «Жылдың он оқырманы» республикалық жобасы өткізілетін болады. Баршаға қолжетімді Ұлттық цифрлық кітапхана платформасы іске қосылады. Басқа да тың бастамалар жүзеге асырылады. Бұл жұмысқа тұтас қоғаммен бірге мәдениет саласының қызметкерлері, әсіресе, кітапханашылар, баспагерлер белсене атсалысады деп ойлаймын. Сонымен бірге мен жақында еліміздің орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Меніңше, бұл – шын мәнінде аса өзекті және қажетті қадам. Қазіргі технология дәуірінің қарқыны өте жылдам. Сондықтан мұндай маңызды шешімді дер кезінде қабылдамасақ, жастарымыз дамудың даңғыл жолына түсе алмай, артта қалып қоюы мүмкін. Ал бұл мемлекетіміздің келешегі үшін аса қауіпті екені айтпаса да түсінікті. Біз, әрине, ондайға жол бермейміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАҢА МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы алдымызда Әділетті, Таза, Мәдениетті, Өркениетті, түптеп келгенде, Озық ойлы Қазақстанды құру міндеті тұрғанын еске салды.

«Біз мұның аса жауапты әрі өте күрделі міндет екенін жақсы түсінеміз. Халқымыз «Әрекет түбі – берекет» деп бекер айтпаған. Шын мәнінде, озық және нағыз дамыған ел боламыз десек, ең алдымен, қоғамда жаңа мәдениет қалыптастыруымыз қажет. Еңбекқорлық, білімпаздық, жасампаздық, жанашырлық, отаншылдық қасиеттерін өскелең ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек. Мұның бәрін күнделікті қажырлы еңбекпен, нақты іспен көрсетуіміз қажет. Заң мен тәртіп қағидаты мәдениеті жоғары қоғамда ғана берік орнығады. Бұл – ақиқат. Осы маңызды жұмысқа сіздер де елеулі үлес қосып жүрсіздер, болашақта да солай болады деп сенемін» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, бүгін төл мәдениетіміздің өрісін кеңейтіп, халқымыздың рухани дүниетанымын байыту жолында жемісті еңбек етіп жүрген бір топ азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы шешім қабылдағанын жеткізді.

«Қазір біздің ортамызда белгілі әнші әрі домбырашы Татьяна Николаевна Бурмистрова отыр. Ол жарты ғасырға жуық уақыт бойы қазақтың дәстүрлі өнерін белсенді түрде кеңінен дәріптеп, жас дарындарға үлгі-өнеге көрсетіп жүр. Бүгін мен Татьяна Бурмистроваға ең жоғары «Отан» орденін беру туралы Жарлыққа қол қойдым. Сонымен қатар бүгін жезтаңдай әнші, халқымыз, әсіресе, әйелдер қауымы жақсы көретін өнер иесі, Қазақстанның халық әртісі Мақпал Жүнісоваға екінші дәрежелі «Барыс» орденін тапсырамын. Михаил Лермонтов атындағы ұлттық орыс драма театрының актрисасы Марина Юрьевна Ганцева III дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталады. Ол Қазақстан мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосты. Таланты мен көпжылдық еңбегінің арқасында театр өнерін бағалайтын көрерменнің ықыласы мен сүйіспеншілігіне бөленді. Кәсіби мереке күні мәдениетіміздің дамуына зор еңбек сіңірген бірнеше өнер қайраткеріне «Қазақстанның халық әртісі» атағы беріледі. Жалпы, биыл елімізде 120 мәдениет және өнер қызметкері мемлекеттік марапатқа ие болады» деді Мемлекет басшысы.

ТӨЛ ӨНЕРІМІЗ ӨРКЕНДЕЙ БЕРСІН!

Президент төл мәдениетіміз түркі өркениетінің ажырамас бөлігі саналатынын жеткізді.

«Мен биыл Ұлыстың ұлы күнінде киелі Түркістан жерінде мемлекеттік наградалар қатарына Qoja Ahmet Yasaui орденін енгізу туралы маңызды бастама көтердім. Бұл марапат Қазақстанның дамуына айрықша еңбек сіңірген еліміздің және шетелдің белгілі ғалымдарына, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне берілетін болды. Осы жоғары марапатты өткен аптада бірінші болып Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға және осыдан екі күн бұрын ЮНЕСКО-ның бұрынғы бас директоры Одрэ Азуле ханымға табыстадым. Азуле ханым кезінде Қазақстан мен ЮНЕСКО-ның ынтымақтастығын нығайтуға зор еңбек сіңірді, әсіресе, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты жұмысқа белсене атсалысты. Мұны ерекше атап өткім келеді. Сондықтан біз түркі бірлігін нығайтуға, ұлт мәдениетін дәріптеуге мол үлес қосқан шетелдік әріптестеріміздің еңбегін әрдайым жоғары бағалаймыз. Сонымен қатар бүгін мен ұлт өнеріне елеулі үлес қосып жүрген бірнеше азаматқа пәтер кілтін табыстаймын. 2024 жылдан бастап осы күнге дейін мәдениет және өнер қайраткерлеріне жалпы саны 200 пәтер берілді. Бұл игі үрдіс міндетті түрде өз жалғасын табады. Баршаңызға құтты болсын! Төл өнеріміз өркендей берсін! Ұлт мәдениетінің мәртебесі әрдайым биік болсын!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Жарлығымен мәдениет саласындағы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ азаматқа мемлекеттік награда табысталды.



LRT ТИІМДІ КӨЛІККЕ АЙНАЛАДЫ

LRT жүйесі тұрғындардың көңілінен шығып, қоғамдық жолаушылар тасымалына айтарлықтай әсер етіп отыр.

Астана қаласы әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, өткен жексенбіде оны 100 мыңға жуық адам пайдаланған. Күн сайын 60-70 мың адам қатынайды. Негізгі жүктеме таңертең сағат 6:00-9:00 аралығында, түскі 12:00-14:00 және кешкі уақытта байқалады. Болашақта қоғамдағы негізгі көлік түрлерінің біріне айналуы мүмкін LRT жүйесі жақсы жұмыс істеп тұр. Оның айтуынша, LRT іске қосылғаннан кейін қаладағы көлік ағынына да әсері байқалған. Қабанбай батыр даңғылында 3-4 күн ішінде көлік саны 12 пайызға дейін азайған. Әкім сондай-ақ жобаны кезең-кезеңімен кеңейту жоспарланғанын атап өтті.

– Биыл LRT-ның екінші кезеңін Қосшы қаласына дейін создық. Егер осы қарқын сақталса, келесі жылдың соңына қарай Қосшыға дейін толық жеткіземіз. Қосшыдан күн сайын 20-25 мыңнан астам көлік қалаға кіреді. Сонымен қатар LRT-ны Сығанақ көшесімен Ш.Айтматов көшесіне дейін жеткіземіз. Ш.Айтматов көшесі бойымен екі бағытта жалғасады. Сондай-ақ Тұран даңғылы арқылы бұрылып, ескі вокзалға дейін барады. Жалпы үш кезең толық іске асса, LRT ұзындығы 100 шақырымға жетеді, – деді әкім.

– Қазір автобустармен күніне 1,2 млн адам қатынайды. 1,5 жыл бұрын бұл көрсеткіш 800 мың болатын, яғни 400 мыңға артты. Автобустар санын көбейттік, жаңарттық, Bus Lane жүйесін енгіздік. Қазіргі жылдамдық бұрынғыдан 5-6 км/сағ жоғары. Кейбір маршруттарда автобуспен үйден жұмысқа бару машинадан жылдамырақ, – деді Жеңіс Қасымбек.

Бас қалада кептелісті азайтуға бағытталған жол картасы іске асып жатыр.

– Өткен жылы мемлекеттік органдардың жұмыс уақытын өзгерттік. Мысалы, әкімшілік және коммуналдық мекемелер өз жұмысын 7:00-7:30-да бастайды, ал министрліктер 8:00-де жұмысқа кіріседі. Соның нәтижесінде таңғы 7:00-10:00 аралығында көліктер саны шамамен 10 пайызға азайды. Бұл бізге алдағы бір-екі жылға қосымша мүмкіндік беріп отыр, – деді әкім.

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ АЛДЫ

Президент Жарлығымен мәдениет саласындағы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ азаматқа мемлекеттік награда тапсырылды. Бұл қатарда Астана қаласының Мәдениет басқармасына қарасты мекемелердің қызметкерлері де бар.



Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясы қазақ оркестрінің дирижері Нұрлан Бекеновке «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Музыкалық жас көрермен театрының актері Аян Өтепберген «Құрмет» орденімен, осы өнер ұжымының тағы бір әртісі Нұржас Сәдірбаев «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Нұрлан Алданышбайұлы – дирижер ғана емес, күйші-композитор. Шығармашылық жетістіктеріне тоқталсақ, «Өз елім» халықаралық фестивалінде «дирижерлеу» аталымында бірінші орынды алса, «Орақты батыр» атты күйі «Елге арнау» республикалық композиторлар байқауында 3-орынды иеленді. Астаналық филармонияда оның қызмет істегеніне 30 жылға жуықтады. Бастапқыда домбырашы болды, ал 2008 жылдан бері дирижер ретінде еңбек етіп келе жатыр.

Аян Өтепберген көпшілікке «Жаужүрек мың бала» көркем фильміндегі Таймас бейнесі арқылы таныс. Музыкалық жас көрермен театрында ол негізінен бас кейіпкерлерді сомдайды. Соның бірі, белгілі жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермек Аманшаевтың «Шәкәрім» музыкалық драмасындағы (қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров) Шәкәрім бейнесі.

Ал Нұржас Садырбаев жуырда «Көкжиектен асқан үн» (Voice Beyond Horizon) халықаралық музыка байқауында Қазақстан намысын қорғап, жоба жеңімпазы атанды.

Мемлекеттік награда алған дарынды өнерпаздарға құтты болсын дейміз.

АСТАНА – КЕДЕРГІСІЗ ҚАЛА

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімді орта қалыптастыру жұмысы күшейтілді. Жыл басынан бері жүргізілген бақылау барысында пандус, тактильді белгілер мен арнайы бейімдеу талаптарының орындалмауына байланысты айыппұлдар салынып, нысандардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар қолға алынды.

Бұл туралы коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы бойынша Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің басшысы Асқар Аймағамбетов мәлім етті.

Азаматтардың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарына кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасына ерекше назар аударылады.

– 2026 жылдың төрт айының қорытындысы бойынша департамент Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі талаптарының сақталуына қатысты 17 тексеру жүргізді. Оның ішінде 1 профилактикалық, 8 жоспардан тыс және прокуратура органдарымен бірлесе 8 тексеру өткен, – дейді Асқар Аймағамбетов.

Қабылданған іс-шаралар мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғауды қамтамасыз етуге және әлеуметтік инфрақұрылым нысандары иелерінің жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Ал кедергісіз орта қалыптастыру жұмысы Amanat партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы аясында жүргізілуде.

«ЖАСЫЛ ЕЛДІҢ» ЖАС САРБАЗДАРЫ

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

«Таза Қазақстан» экология бастамасы аясында елордада «Таза бейсенбі» акциясы өтіп, оған «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының 100-ден астам белсендісі қатысты.

Ол Астана қаласы Алматы ауданының қар полигоны аумағында ұйымдастырылды. «Жасыл ел» сарбаздары тұрмыс және құрылыс қалдықтарын, пластик қоқыстарды, шыны бөтелкелерді, қағаздарды, қоршаған ортаны ластайтын басқа да материалдарды жинап, оны алдағы уақытта қайта өңдеу үшін бөлек іріктеді. Мұндай экология іс-шаралары қалалық ортаның тазалығын сақтауға ғана емес, сонымен қатар халық арасында экология мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

– Негізгі жұмыс Алматы ауданының аумағында, атап айтқанда, айналма жолға іргелес жатқан учаскеде жүргізілді. Акция барысында 300-ден астам қап қоқыс жиналып, аумақ тұрмыс және басқа да қалдықтардан тазарды. Атқарылған жұмыс жоғары нәтиже көрсетіп, қала тазалығын сақтауға елеулі үлес қосты, – деп атап өтті елордалық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың өкілі Ерлан Айдар.

Ұйымдастырушылар «Таза бейсенбі» акциясы елордадағы экология жағдайын жақсарту жөніндегі жүйелі жұмыстың бір бөлігіне айналғанын баса айтты. Жоба аясында жастарды қоғамдық қызметке тартуға ерекше көңіл бөлінеді. Ал «Жасыл ел» қатысушылары еңбек тәжірибесін алып қана қоймай, елорданы абаттандыру мен көгалдандыруға нақты үлес қосады.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2026 жылғы 28 мамыр сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихаты сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. 2025 жылғы Астана қаласы бюджетінің атқарылуы туралы есебін бекіту туралы.

2. «Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасын мақұлдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 30 қарашадағы №106/14-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті елорда тұрғындары! Астана қаласының мәслихаты 2026 жылғы маусым айының үшінші онкүндігінде «Астана қаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру кезінде бюджет қаражатын пайдаланудың стратегиялық жоспарлануы мен тиімділігі туралы жергілікті атқарушы органның есебі» тақырыбында кезекті сессия өтетіні туралы хабарлайды.

Кезекті сессияның қарауына енгізілетін мәселе бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-37, 55-66-31 телефондары арқылы, сондай-ақ astana@maslihat01.kz электрондық поштасына жолдауларыңызды сұраймыз.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

30.04.2026 №510-1518

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2025 жылғы 5 желтоқсандағы №7194-25-00-4/3506 шешімінің негізінде, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне «Көше» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Зеленая роща» б/с, ВРЗ-2, №42 участке мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0980 га, бағбандық үшін Нуржан Сейтжанович Макаевқа жеке меншікке тиесілі, кадастрлық нөмірі 21-318-095-418 жер учаскесін 2026 жылғы 7 шілдеден бастап 2027 жылғы 7 шілдеге дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иесіне мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелсі және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта алып қойылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иесі алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі
Ж. Қасымбек

№60 (4958) 23/05/2026 Сенбі

РУХАНИ ҚАУІПСІЗДІК – ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 5 қаңтарда жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық санаға қатысты маңызды ескерту жасаған болатын. Жаһандану дәуірінде ұлттар өз мәдениеті мен тілінен саналы түрде емес, бейресми, біртіндеп және байқатпай айырылып қалу қаупі бар. Мұндай мәдени ассимиляция мен рухани жұтылып кету қатеріне қарсы тұрар бірден-бір ем – терең тарихымызды зерттеп, оны ұлттық санаға сіңіру. Президент бұл мәселені жай ғана ғылыми бағыт емес, мемлекеттің қауіпсіздік доктринасы деңгейіне көтерді.

Бүгінгі таңда әлемдік геосаяси кеңістік тең-селіп, жаһандық турбулентті дәуірі орнады. Әлемдік тәртіптің өзгеруі, ақпараттық соғыстар мен мәдени экспансия ұлттардың өзіндік болмысына үлкен қауіп төндіруде. «Мидай қайнаған» шақта мемлекеттің шекарасын ғана емес, ұлттың рухани шекарасын да қорғау – басты міндет. Мұндай сын сағатта Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық тарихты жаңғырту және рухани егемендікті шегендеу бағытындағы бастамалары мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатындағы тең-дессіз ерлігі мен көрегендігін көрсетіп отыр.

ҰЛТТЫҚ КОД және ГЕОСАЯСИ ДЕРБЕСТІК

КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА САБАҚТАСТЫҒЫ

Жаңартылған Конституцияның преамбуласына «Ұлы дала сабақтастығы» ұғымының енгізілуі – Президент Тоқаевтың саяси-құқықтық реформаларының шыңы. Бұл – Қазақстанның мыңжылдық мемлекеттілік тарихы бар, ежелгі сақ, ғұн, түрік қағандығы мен Алтын Орданың тікелей заңды мұрагері екенін Ата заң деңгейінде заңдық тұрғыдан шегендеу. Осы қадам арқылы Президент біздің мемлекеттігіміздің тамыры тереңде екенін әлемге пайымдап, болашақ ұрпақтың тарихи жауапкершілігін бекітті.

ҰЛТТЫҚ НАМЫСТЫ ОЯТАДЫ

Алтын Орда (Жошы ұлысы) тарихы кейбір көрші елдерге, әсіресе империялық санадан арыла алмай отырған саяси орталарға ұнай бермейтін, өте сезімтал тақырып екені жасырын емес. Олар ұзақ жылдар бойы бұл тарихты бұрмалап, Жошы ұлысын тек «жаулаушы, талқандаушы орда» ретінде көрсетуге тырысты. Алайда Президент Қ.Тоқаев бұл қысымдар мен идеологиялық кедергілерге қарамастан, Алтын Орда тарихын ашық айтуды, оның басты қарашаңырағы мен заңды мұрагері қазақ халқы екенін халықаралық мінберлерде шегелеп айтуды мемлекеттік ұстанымға айналдырды. Бұл – Қазақстанның рухани-саяси тұрғыдан мүлдем дербес, ешкімге жалтақтамайтын, өз тарихын өзі жаза алатын тәуелсіз көзқарасы бар екенінің айқын дәлелі. Мемлекет басшысының бұл батылдығы ұлттық намысымызды оятып, егемендігіміздің іргесін бекіте түсті.

АСТАНА СИМПОЗИУМЫ: ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН АҚИҚАТ

Осы дербес саяси бағыттың заңды жалғасы ретінде Астанада өткен халықаралық симпозиумды атауға болады. Алқалы жиынға әлемнің 25 елінен (соның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Қытай сияқты алпауыт мемлекеттерден) жетекші ғалымдар, тарихшылар мен археологтар қатысты. 25 ел делегаттарының Астанада бас қосуы – Президент Токаевтың халықаралық аренадағы беделінің және Қазақстанның Алтын Орда тарихын зерттеудегі жаһандық орталыққа айналғанының айғағы. Шетелдік ғалымдар қазақ топырағында Алтын Орданың дамыған қала мәдениеті, заң үстемдігі мен дипломатиялық мектебі болғанын ғылыми тұрғыдан мойындап, сыртқы күштердің тарихты бұрмалау әрекеттеріне үлкен ғылыми соққы берді.





ТҮРКІСТАН: ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ЖАҢА ГЕОСАЯСИ ВЕКТОРЫ

Әлемдік геосаяси турбуленттілік кезінде Президент тәуелсіздікті қорғаудың сыртқы белдеуін де құруда. Күні кеше ғана Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының жиын-шаралары – осы көрегендіктің жемісі. Көне Түркістанды бүкіл түркі әлемінің рухани астанасы ретінде халықаралық деңгейде бекіту арқылы Қазақстан аймақтағы жаңа ықпал орталығына айналды. Бұл одақ бізге алпауыттардың текетіресі кезінде қосымша геосаяси тірек, қауіпсіздік және мәдени қорған береді.

ТҮЙІН

«Мидай қайнаған» әлемде жұтылып кетпеудің, ұлттығымыздан айырылмаудың жалғыз жолы – ұлттық тарихты қалқан ету, Ұлы дала сабақтастығын үзбеу. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың дербес және батыл саясатының арқасында біз өз тарихымыздың қожайыны екенімізді дәлелдедік. Біз Алтын Орданың заңды мұрагері ретінде өз өткенімізге ие болғанда ғана мемлекетіміздің егемендігі мәңгілік, болашағы баянды болмақ.

Мансурхан МАХАМБЕТОВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 6-шақырылым депутаты

ЖИ ЖАҢАША ОЙЛАУҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Жасанды интеллект қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Әсіресе мектептегі оқу үдерісінде ЖИ-ді тиімді пайдалану – уақыт талабы. Бұл бағыттағы жұмыстар Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы мен Жарлығына сәйкес жүзеге асырылуда. Аталған бастама – еліміздің адами әлеуетін дамытудағы негізгі элемент ретінде инновациялық білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған Қазақстанның стратегиялық қадамы.



Математика пәнінің мұғалімі ретінде мен ЖИ оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімді өмірмен байланыстыра оқытуға зор мүмкіндік береді деп есептеймін. Қазіргі оқушы – цифрлық дәуірдің баласы. Сондықтан дәстүрлі «мұғалім – тақта – бор» моделін заманауи технологиялармен толықтыру аса маңызды. Сабақ барысында ЖИ құралдарын пайдалану оқушылардың деңгейіне сәйкес тапсырмалар дайындауға, функционалдық сауатты дамытуға, күрделі тақырыптарды қарапайым әрі түсінікті тілмен түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, математика сабақтарында ЖИ көмегімен практикалық бағыттағы есептер құрастырып, оқушылардың логикалық ойлауын және зерттеушілік дағдысын дамытуға болады. Сонымен қатар ерекше білім беруді қажет ететін балаларға бейімделген тапсырмалар әзірлеу де жеңілдей түседі. Бұл – инклюзивті білім беруді дамытудағы маңызды қадам.

Бүгінде оқушыларым жасанды интеллектіні пайдалана отырып, математика және STEAM бағытында жобалар дайындап, түрлі байқауға қатысуда. Мұндай жобалар оқушылардың тек білімін ғана емес, шығармашылық қабілетін, зерттеушілік ойлауын және өмірлік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Педагог ретінде жасанды интеллектіні білім беру саласына енгізу тек сабақта жаңа технологияларды қолдану ғана емес деп есептеймін. Бұл – оқушыны ойлауға, талдауға, зерттеуге және жылдам өзгеріп жатқан әлемде өмір сүруге бейімдейтін заманауи білім беру ортасын қалыптастыру. Сондықтан Президент Жарлығының мәнін дұрыс түсіну өте маңызды. Бұл – қазақстандық білім берудің болашағын айқындайтын және елдің зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған стратегиялық шешім. Дегенмен ЖИ мұғалімді алмастырмайды. Керісінше, ол педагогтың сенімді көмекшісіне айналады. Ең басты құндылық мұғалімнің жүрегі, тәрбиесі және балаға деген адамгершілік қарым-қатынасы болып қала береді. Жасанды интеллектіні сауатты әрі орынды пайдалану білім сапасын арттырып қана қоймай, оқушыларды болашақтың сын-қатеріне дайындауға мүмкіндік береді. Бүгінгі мектеп – тек білім беретін орын ғана емес, болашақтың зертханасы. Ал жасанды интеллект – сол болашаққа бастайтын маңызды құралдың бірі.

Октябрина АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
Астана қаласындағы №71 мектеп-лицейдің математика пәні мұғалімі, «ҚР үздік педагогі-2025» атағының иегері

МЕКТЕПТІ КІМ КҮЗЕТЕДІ?

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Соңғы жылдары Қазақстанда мектеп қауіпсіздігі қоғамдағы өзекті мәселелердің біріне айналды. Әсіресе әлемде және елімізде білім беру ұйымдарында болған түрлі төтенше жағдайлардан кейін мектептердегі күзет қызметіне қойылатын талап күшейе түсті. Осыған байланысты өткен жылдың соңынан бастап ҚР Оқу-ағарту министрлігі білім беру ұйымдарын күзететін қызметкерлерге жаңа талаптар енгізді. Талап бойынша енді мектептерді 50 жасқа дейінгі, арнайы дайындықтан өткен азаматтар күзетуі тиіс.

Министрлік енгізген талаптардың негізгі мақсаты – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Себебі мектеп күзетшісі жай ғана есік ашып-жабатын адам емес. Ол төтенше жағдай кезінде жылдам әрекет етіп, балаларды қорғауға қабілетті болуы керек. Оның үстіне қазіргі қоғамда мектеп күзетіне қойылатын талап та өзгерді. Бұрынғыдай «вахтерлік» қызметпен шектелетін жағдай келмеске кетті. Енді күзетші болған адам күмәнді адамдарды анықтай алуы; жанжал кезінде араша түсуі; төтенше жағдайда эвакуация ұйымдастыруы; қажет болса, күш қолдануға да дайын болуы тиіс. Сондықтан еліміздегі мектептерге арнайы дайындықтан өткен, физикалық мүмкіндігі бар азаматтардың қажет екені түсінікті жайт. Алайда осы уақытқа дейін еліміздегі көптеген мектепте күзет қызметін көбіне зейнеткерлер атқарып келді. Кей жерлерде 60-70 жастағы қариялар мектеп есігінде отырғанын жиі көруге болатын. Мұның да бірнеше себебі бар. Біріншіден, күзет компаниялары ұзақ уақыт бойы қызметкерлердің жасына айтарлықтай талап қойған жоқ. Сондықтан еңбекке қабілетті жастардың мектеп күзетіне баруы күмәнді. Ал зейнеткерлер үшін мұндай жұмыс қосымша табыс көзі ретінде қолайлы. Өйткені күзет қызметінің көп бөлігі орындықта отырып, бейнебақылау камерасын қараумен және кіріп-шыққан адамдарды бақылаумен өтеді. Сол себепті бұл салада егде жастағы адамдардың үлесі көбейіп кетті.



Жаңа талап күшіне енгеннен кейін мектептер бұрынғы күзетшілерін ауыстыруға мәжбүр болды. Бірақ олардың орнына талапқа сай жас мамандар табу қиынға соғып отыр. Бұл мәселе әсіресе Астана, Алматы сияқты ірі қалаларда анық байқалады. Мәселен, Астананың өзінде 200-ден астам мектеп бар. Егер әр мектепке кемінде екі күзетшіден қажет десек, бір ғана қалаға 400-ден астам дайындықтан өткен қызметкер керек болады. Ал күзет компаниялары үшін мұндай көлемде маман табу оңай емес. Соның салдарынан кей мектептерде күзетші жетіспейді. Тіпті кейде мектеп әкімшілігі қызметкерлерінің өздері кіреберісте отыруға мәжбүр болатын жағдайлар кездеседі. Бұл – жүйелік мәселенің белгісі.

Қауіпсіздік арзан болмайды, министрлік мектеп қауіпсіздігін күшейткісі келсе, тек талап қоюмен шектелмей, қауіпсіздік шығынды қажет ететін сала екенін де ескеруі керек еді. Яғни мектептерде жас, физикалық дайындығы бар, жауапкершілігі жоғары мамандар жұмыс істеуі керек болса, онда олардың еңбекақысы да соған сай болуы тиіс. Әлемдік тәжірибеде мұндай жұмыстарға жоғары жауапкершілікпен бірге лайықты жалақы ұсынылады. Ал бізде әзірге талап күшейгенімен, қаржыландыру деңгейі сол күйінде қалып отыр. Ендеше мәселені қалай шешуге болады? Сарапшылар мектеп күзетіне бөлінетін қаржыны көбейту; күзетшілердің жалақысын арттыру; арнайы дайындық бағдарламаларын мемлекет есебінен ұйымдастыру; мектеп қауіпсіздігін формалды емес, кәсіби деңгейде қарастыру; күзет компанияларына қойылатын бақылауды күшейту мәселені шешудің ең ұтымды жолы деп қарайды. Өйткені мектеп күзеті жай ғана қарауыл қызметі емес. Бұл – балалардың өмірі мен қауіпсіздігіне тікелей жауапты сала. Олай болса қауіпсіздікке қойылатын талап күшейсе, оған жұмсалатын қаржы да соған сай болуы керек. Әйтпесе қағаздағы талап пен өмірдегі мүмкіндік бір-бірімен сәйкес келмей қала береді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ПОЛИЦИЯ МЕН ДЕПУТАТТАР КЕЗДЕСТІ



Елордада Астана қаласы Полиция департаментінің басшылығы мен қалалық мәслихат депутаттарының кездесуі өтті. Кездесу барысында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты өзекті мәселелер, алдағы ынтымақтастық бағыттары және елордадағы құқықтық тәртіп жүйесін жетілдіру жолдары талқыланды.

Қалалық полицияның басшысы Марат Төлебаев депутаттардың бірлескен әрі тиімді жұмысқа қолайлы жағдай жасауға қосқан үлесін, жаңа учаскелік полиция пункттерін ашуға көрсеткен қолдауын атап өтті. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Жүйелі профилактикалық жұмыстар мен мемлекеттік құрылымдардың өзара іс-қимылының нәтижесінде елордада қылмыс деңгейінің төмендегені де атап өтілді. Өз кезегінде депутаттар қала тұрғындарын алаңдататын бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Олардың қатарында электросамокаттарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары, рұқсатсыз қоқыс үйінділерін жою, автотұрақ ережелерін бұзу, жүргізушілердің көлік құралын жүргізу кезінде ұялы телефон қолдануы, жаяу жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін сақтамауы, сондай-ақ құрылыс нысандары маңындағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бар.

Депутаттар жүргізіліп жатқан полиция жұмысының арқасында елордамыздың ең қауіпсіз астаналардың бірі санатына кіретініне де тоқталды. Сондай-ақ халық қалаулылары көтерген мәселелер бойынша жедел кері байланыс пен сапалы жұмыс жүргізіліп жатқанына назар аударылды. Кездесу соңында тараптар елордадағы заңдылық пен қауіпсіздікті нығайту жолында алдағы уақытта да сындарлы ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екендерін білдірді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Әскери ортадағы заңдылық пен құқықтық тәртіп – мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қоғам қауіпсіздігінің негізгі кепілі. Бұл бағытта әскери тергеу органдарының атқаратын қызметі айрықша маңызға ие. Әскери қызметшілер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету, әскери тәртіпті нығайту және азаматтардың құқықтарын қорғау – осы саланың басты міндеттерінің бірі. Осы орайда ҚР ІІМ Батыс өңірлік әскери тергеу басқармасы Ақтөбе бөлімінің тергеушісі, полиция капитаны Қайырбай Айдос Рысбекұлымен әскери тергеу органдарының қоғамдағы рөлі, заң мен тәртіп қағидаттарының маңызы және әскери саладағы құқықтық мәдениет жайында сұхбаттасқан едік.

– Айдос Рысбекұлы, ең әуелі әскери тергеу органдарының қоғамдағы орны мен маңызы туралы айтып өтсеңіз.

– Әскери тергеу органдары – әскери ортадағы заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ететін маңызды құқық қорғау құрылымдарының бірі. Біздің негізгі міндетіміз – әскери бөлімдер мен қорғаныс саласында орын алған құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың себеп-салдарын зерделеу және заң аясында объективті тергеу жүргізу. Әскери қызмет – жоғары тәртіп пен үлкен жауапкершілікті талап ететін сала. Сондықтан заң талаптарының қатаң сақталуы әскери ұжымдағы тұрақтылық пен тәртіптің негізі болып саналады. Заң үстемдігі сақталған жерде



әділдік те, сенім де болады.

– Әскери ортадағы тәртіпті сақтау бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Бүгінде құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Тергеу тек қылмысты ашумен ғана шектелмейді. Оның басты мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, әскери қызметшілер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру және тәртіп мәдениетін қалыптастыру. Әскери бөлімдерде профилактикалық кездесулер, түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Себебі әскери тәртіп – Қарулы Күштердің жауынгерлік қабілетінің маңызды бөлігі. Әрбір әскери қызметші заң мен жарғы талаптарын мүлтіксіз орындауы қажет.

– Ал қазіргі таңда әскери саладағы құқық бұзушылықтар бойынша ахуал қандай?

– Жалпы елімізде құқық бұзушылық деңгейінің төмендеу үрдісі байқалады. Алайда әскери ортада жекелеген құқық бұзушылық түрлері бойынша өсім тіркеліп отырған жағдайлар бар. Мәселен, жарғылық қатынастарды бұзу фактілері бойынша белгілі бір өсім жөнінде мәліметтер жарияланды. Бұл жағдай профилактикалық жұмыстарды күшейтудің маңызды екенін көрсетеді. Әскери ұжымда өзара құрмет, тәртіп пен жауапкершілік қағидаттарын нығайту – басты міндеттердің бірі.

– Енді, осы арада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіне де тоқталсаңыз...

– Әскери салада заң талаптарының сақталуы аса маңызды. Сондықтан қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану, сыбайлас жемқорлық фактілері немесе өзге де заңсыз әрекеттердің жолын кесу – біздің қызметтің маңызды бағыттарының бірі. Заң алдында барлығы тең. Әскери ортада әділдік пен ашықтық қағидаттарын сақтау қоғамның құқық қорғау жүйесіне деген сенімін арттырады деп есептеймін.

– Сіздіңше, әскери тергеуші қандай қасиеттерге ие болуы керек?

– Бұл мамандық, ең алдымен, адалдық пен жауапкершілікті талап етеді. Тергеуші сабырлы, әділ әрі принципшіл болуы қажет. Әрбір қылмыстық іс – адам тағдыры. Сондықтан барлық шешім заң аясында, жан-жақты әрі мұқият қабылдануы тиіс. Сонымен қатар әскери тергеуші тек кәсіби маман ғана емес, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосатын тұлға болуы керек.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Әсемай РИНАТҚЫЗЫ

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА TELEGRAM АРҚЫЛЫ ШАҒЫМДАНУҒА БОЛАДЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінде азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, мемлекеттік қызмет сапасына қанағаттануын арттыру және жүйеге сенімін нығайту мақсатында азаматтардың өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай «EgovKzBot2.0» Telegram-боты жұмыс істейді. Азаматтар мобильдік қосымша арқылы нақты уақыт режимінде мемлекеттік қызмет сапасына өтініш жолдап, бюрократияны азайту не қызмет көрсету процесін жетілдіруге ұсыныс бере алады.

Бұл ретте, жақында Департаменттің Telegram-ботына елорда тұрғынынан шағым түсті. Азамат жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алуға өтінім берген. Алайда қызмет көрсету барысында техникалық немесе процедуралық кедергілерге тап болып, жұмыссыз ретінде тіркелу анықтамасының мерзіміне қатысты түсініспеушілік туындаған. Ол өз шағымында мемлекеттік орган тарапынан төлем беруден негізсіз бас тарту немесе мерзімді созу қаупі бар екенін көрсетті. Департаментпен аталған өтініш бірден назарға алып, заңнамаға сәйкес мемлекеттік бақылау жүргізді. Нәтижесінде азаматқа тиісті заңнамалық түсініктеме беріліп, мәселе оң шешімін тапты.

Осылайша, Департаментке азаматтар тарапынан медицина, білім, әлеуметтік және т.б. салаларға қатысты арыз-шағым, өтінімдер мен ұсыныстар келіп түсуде және барлығы қарастырылып, азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты сұрақтарына жауап берілуде.

Telegram-ботты пайдалану тәртібі өте қарапайым. Ол үшін Telegram қосымшасын ашып, іздеу жолағына «EgovKzBot2.0» деп теріп, ботты іске қосу жеткілікті. Әрі қарай ұсынылған бөлімдердің ішінен «Уәкілетті органға өтініш» түрін таңдап, туындаған мәселені қысқаша сипаттап жіберуге болады. Жүйе өтінішті тіркеп, Департаментке жолдайды. Кез келген тұлға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтары бұзылған жағдайда Департаментке Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша жазбаша не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» Telegram бот-платформасы арқылы жүгіне алады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

Мектептегі соңғы қоңырау мерекесі жақындап қалды. Үлкен өмірге қадам басатын түлектер үшін бұл – маңызды күн. Жылдар өте келе белгілі бір мамандық иесі атанатын олар білім нәрімен сусындандырған мұғалімдерін қазіргі біз сияқты алғыс сезімімен еске алатыны сөзсіз. Сондай алғыс айтуға тұрарлық ұлағатты ұстаздардың бірі – өмірінің 52 жылын, яғни жарты ғасырдан астам уақытын бала оқытуға арнаған жақсы жар, ардақты ана, немерелерін әлпештеген әже Хамила Әлбатырова.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қарағанды қаласында Құлбек ұстаздың шаңырағында Ұлы Отан соғысының басталуына бір айдай уақыт қалғанда дүниеге келген кейіпкеріміз бұл күндері мерейлі 85 жасқа келіп отыр. Әке жолын қуып, мұғалімдік жолды таңдады. Шортанды, Ақкөл, Сілеті аудандарының, Астана қаласының №3 орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып еңбектенді. Өмірлік серігін де өзі қызмет істеген мектебінен тапты. Кеңес орта мектебіне жұмысқа келгенде жас ұстаз Еркін Дәуешұлымен танысып, «екі жарты – бір бүтін» болды. Қос мұғалім алты перзент өсіріп, ұлды ұяға, қыздарын қияға қондырды. Биылғы күзде отбасы болғандарына бақандай 63 жыл толады. Осы уақыт бойы «әй-шәй» деспей ғұмыр кешіп, ұрпақтарының қызығын көріп отыр.

Жұбайы мұғалімдік пен мектеп директорлығынан кейін Сілеті аудандық партия комитеті идеология бөлімін басқарып, Ақкөл аудандық Білім бөлімінің басшысы болды. Еркін Дәуешұлын сөзге тартқанымызда ол «Зейнетке шыққанға дейін бес елді мекенде абыройлы қызмет атқарып шықтым. Соған жағдай жасап, үй шаруасын, бала тәрбиесін толығымен мойнына алғам зайыбым Хамила Құлбекқызының арқасы» деді.

Иә, Хамила мұғалім жары үлкен қызметтерде жүргенде өмірлік серігі отбасына алаңдамайтындай жағдай жасады. Бастапқыда баспана мәселесі де болды. Соған да айқындалған. Ал сынып жетекшісінің міндеттеріне салауатты өмір салтына ынталандыру, азаматтық пен патриотизмге, өз Отанын сүюге, табиғатты қастерлеуге тәрбиелеу, отбасы ара-қатынасын нығайту, үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу, сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру, білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу, білім алушылардың өмір сүру жағдайларын білу, т.б. жатады.

Кеңес заманынан бері қарай сынып жетекшісіне қойылатын талаптар бұдан артық болмаса, кем болмайтын. Айтпағымыз, Хамила Құлбекқызы сынып жетекшілігін жақсы жүргізе білді. Соның арқасында істеген мектептерінде көптеген сынып түрлі жарыстарда топ жарып жүрді. Хамила мұғалім аудандық партия комитетінің мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстарға да араласты. Жалпы алғанда, осы комитетке екі рет сайланды. Білім саласының үздігі дәрежесіне жетті. Шәкірттерінің арасынан әр салада еңбек етіп, басшылық қызметтерге жеткен азаматтар шықты. Бұл қатарда энергетик Еркебұлан Тілеулесұлы, мемлекеттік қызметкер Марат Еркінұлы, т.б. есімдерді атап өтуге болады.

Жоғарыда жазғанымыздай, алты баланы дүниеге әкелген Хамила Құлбекқызы – «Күміс алқа» иегері. Тұңғыштары Гүлнар – кәсіпкер, Гүлшат – мемлекеттік қызметкер, Динара – полиция полковнигі, Марат – ғылым кандидаты, Әлия – ғылым докторы, Әсем қаржы саласында еңбектенеді. Жұбайы Еркін Дәуешұлы – бұл күндері қадірменді қария, Білім саласының үздігі, Ақкөл ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері. Бүгіндері екеуі 11 немере, 5 шөбере көріп отыр. Осы отбасы 2019 жылы Астана қаласы бойынша «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, екінші орынды иеленді. Бұл жүлде талай жайттан хабар береді деп ойлаймыз. Соның бәрі – отбасын айрандай ұйытып отырған Хамила Құлбекқызының ақыл-парасатының бір биігі.

ДҮЙСЕНБІ
25 МАМЫР

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:10 «Көршінің қызы» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «Менің атым Қожа» көркем фильмі
14:55 «Апта»
15:35 «Ақорда»
15:50 «Біздің сынып» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН»
0:10 АҚПАРАТ
0:40 «Қазір айтайық»
1:30 «Ашық алаң»
2:15 «Қызық екен...»
2:55 «Көршінің қызы» телехикаясы.

5:00 Телехикая “Фатмагүл”
7:00 “Оян!”
9:00 Мультсериал “Турбозавры”
